

"Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы"

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 198 /4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 наурызда № 4346 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 2017 жылғы 10 сәуірдегі № 391/12 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық әкімдігінің 10.04.2017 № 391/12 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" № 410 Жарлығына сәйкес Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі

Б. Бақауов

Павлодар қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "17" ақпандағы
№ 198/4 қаулысымен
бекітілген

**"Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі"
мемлекеттік мекемесі туралы Ереже**

1. Жалпы ережелер

1. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шеңберінде басшылықты жүзеге асыратын, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, 1 Май көшесі, 170.

10. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі:

дүйсенбі – жұма күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі – жексенбі.

11. Мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік тілдегі толық атауы: "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде: Государственное учреждение "Отдел физической культуры и спорта города Павлодара".

12. Павлодар қаласы әкімдігі атынан "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы мемлекет болып табылады.

13. Осы Ереже "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемеге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

16. Миссиясы: "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі қаланың атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді және дене шынықтыру мен спорт саласындағы мемлекеттік саясатты өзінің шектеулі құзыретінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

17. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің мақсаты Павлодар қаласының аумағында дене шынықтыру мен спорт саласындағы үйлестіру мәселелерінде мемлекеттік саясатты қалалық деңгейде жүзеге асыру.

18. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні Павлодар қаласының аумағындағы дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша ақпараттық-талдау, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

19. Міндеттері:

1) дене шынықтыру мен спорт жүйесінің негізгі даму бағыттарын іске асыру, оларды дамыту бойынша болашақ, ағымдағы, мақсатты бағдарламаларды әзірлеу;

2) қаланың дене шынықтыру мен спорт саласындағы ұйымдардың, бірлестіктердің, мекемелердің және кәсіпорындардың қызметін үйлестіру;

3) қалалық спорттық-көпшілік және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын жоспарлау және өткізу;

4) спорт түрлері бойынша қаланың құрама командаларын құру, облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысу үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізу;

5) дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша конференциялар, төрешілер кеңестерін, семинарлар өткізу;

6) жеке спортшыларды дайындау және олардың облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету.

20. Функциялары:

1) дене шынықтыру мен спорт дамуының қалалық жоспарларын әзірлейді және іске асырады;

2) жеке тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалу орындарында спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасайды;

3) қалалық спорттық жарыстарды өткізеді;

4) спорт түрлері бойынша қалалық құрама командаларды даярлауды және олардың спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;

6) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында қалалық маңызы бар қалалық дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

7) спортшыларға: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спорттық разрядтарын береді;

8) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді;

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;

10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде облыстың жергілікті атқарушы органына ұсынады;

11) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

12) дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді;

13) спорт ұйымдарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

14) қалалық мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер мектептерінің қызметін қамтамасыз етеді;

15) Заңнамамен қарастырылатын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

21. Құқықтары мен міндеттері:

Құқықтары:

1) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік органдар және басқа да ұйымдардан, лауазымдық тұлғалардан алдында қойылған міндеттерді орындауға байланысты өтеусіз негізде қажетті ақпаратты, құжаттар мен басқа да материалдарды сұрауға және алуға;

2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың ұйымдастырушылық қызметін жетілдіру бойынша Павлодар қаласы әкімі мен әкімдігіне ұсыныстар енгізуге;

3) шарттар жасауға;

4) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

Міндеттері:

1) мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық-талдамалық жұмысын жүзеге асыру және оны материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын іске асыру, қалалық мемлекеттік органдары жүйесінде кадрлардың біліктілігін арттыру жатады;

3) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

3. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

22. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін басшылықты "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

23. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Павлодар қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

24. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

25. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекеме туралы Ережені Павлодар қаласы әкімдігінің бекітуіне ұсынады;

2) Қазақстан Республикасы Заңдарының, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, облыс және қала әкімдігінің қаулыларын орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, жоғары тұрған органдарды олардың орындалу барысы туралы жүйелі түрде ақпарат етеді;

3) басшы бұйрықтарын шығарады;

4) мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау бойынша шаралар қолданады;

5) мемлекеттік мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау бойынша міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

6) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды;

7) мемлекеттік органдарда, өзге ұйымдарда "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

8) заңнамамен белгіленген жағдайларда және шегінде мүлікке иелік етеді;

9) белгіленген заңнама тәртібінде шарттар жасайды;

10) сенімхаттар береді;

11) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің актілеріне қол қояды;

12) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

13) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің міндеттері мен құрылымдық бөлімшелердің функцияларын анықтайды;

14) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне мадақтау шараларын және тәртіптік жаза қолданады;

15) "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімдерінің ережелерін бекітеді;

16) заңнамамен және осы Ережемен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

"Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезде оның өклеттіктерін қолданыстағы

заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

26. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

27. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық мүлікті басқару уәкілетті органы (жергілікті атқарушы органы) арасындағы өзара қарым-қатынас қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

28. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен үйлестіретін саласындағы уәкілетті органы (жергілікті атқарушы органы) арасындағы өзара қарым-қатынас қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

29. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің және ұжымдық шартпен белгіленеді.

4. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

30. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

31. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

32. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

33. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

34. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік

мекемесі таратылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік қалалық коммуналдық меншігінде қалады.

6. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдар тізбесі

35. "Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағында мынадай ұйымдар бар:

- 1) Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Спортсервис" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;
- 2) Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Орталық стадион" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;
- 3) Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Спорттың балалар-жастар орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 4) Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Жұлдыз" стадионы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;
- 5) Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Шымыр" дене шынықтыру-сауықтыру бассейні" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;
- 6) Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Толқын" дене шынықтыру-сауықтыру кешені" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;
- 7) Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Ертіс" спорттық - сауықтыру кешені" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;
- 8) Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Дзюдо күресі бойынша "Батыр" балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 9) Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 10) Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 3 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 11) Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "№ 4 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;
- 12) Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт

бөлімінің "№ 5 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

13) Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Спорттың ойын түрлері және мүгедектер спорты бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекеме;

14) Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Спорттың қысқы түрлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.